

Техникалық сипаттама

(ЛОТ № 20)

№	Атауы	Сипаттамасы	Саны
1	Хемилюминесценцияны визуализациялау жүйесі	<p>Бұл жабдық молекулалық және биохимиялық зерттеулерде қолданылатын хемилюминесценттік сигналдарды анықтау және құжаттандыру үшін арналған. Жүйе жылдам әрі дәл талдау жасап, Western blot, ELISA және басқа да әдістерде хемилюминесценттік меткаларды пайдалана отырып эксперимент нәтижелерін визуализациялауға мүмкіндік береді.</p> <p>Блоктың өлшемдері: 37,5 × 44 × 43 см Ажыратымдылығы: кемінде 4 мегапиксель Камера түрі: салқындастылатын ПЗС (CCD) Камераны салқындау: -56°C дейін (Пельтье элементі арқылы) Эпи ақ жарық: бар Басқару интерфейсі: USB арқылы дербес компьютерге қосылу Суреттерді сақтау: TIFF немесе GLP форматтарымен үйлесімді Кванттық тиімділігі (425 нм кезінде): кемінде 0,73 21CFR талаптарына сәйкестігі: бар Операциялық жүйеге талаптары: Windows Сәйкестік белгілері: CE немесе баламасы Кіріс көрнеуі: 240 В</p>	1
	Барлығы		1

Ғылым және стратегиялық даму вице-ректоры

А.Ошибаева

Ғылымды дамыту жөніндегі жобалық кеңсе басшысы

А.Айымбетова

Ғылым департаментінің жетекші маманы

Т.Джатаев

ТӨЛЕМ ЖӘНЕ ЖЕТКІЗУ ШАРТТАРЫ

Құны ҚҚС-мен Түркістан қаласына дейінгі (сатып алушыға дейін жеткізу және өз құрамына барлық мүмкін болатын төлемдерді, салықтар мен баж төлемдерін кіргізеді) негізінде көрсетілген. Тауарды жеткізу тауар құнына енгізілуі тиіс монтаждау және іске қосу-баптау жұмыстары, сондай-ақ персоналды оқытумен міндетті түрде жүзеге асырылады.

Әлеуетті жеткізуші Республика Қазақстан аумағында жеткізілетін тауарды пайдалануға қажетті барлық рұқсаттар мен сәйкестік құжаттарының бар екенін растьады және кепілдік береді. Тауар Қазақстан Республикасының аумағында қолданылатын санитариялық-экологиялық, табиғатты қорғау және өзге де нормативтер мен талаптарға толық сәйкес келеді, сондай-ақ Қазақстан Республикасының қолданыстағы заңнамасына сәйкес барлық саралтамалар мен сынақтардан өткен, бұл туралы әлеуетті жеткізушінің тиісті құжаттары бар. Тауар жаңа, пайдаланылмаған, ақаусыз және үшінші тұлғалардың кандай да бір құқықтарымен ауыртпаланбаған болуы тиіс. Кепілдік мерзімі пайдалануға берілген күннен бастап кемінде 12 айды құрауы тиіс.

Төлем шарттары: алдын ала төлем мөлшері Лоттың жалпы сомасының 50%-на дейін жетуі мүмкін және ол ғылыми жобалар аясында сатып алушы реттейтін университеттің ішкі Ережесінің талаптарына сәйкес сатып алу Комиссиясының шешімімен айқындалады.

Сатып алу комиссиясы әлеуетті жеткізушіден аванстық төлемнің толық сомасына баламалы мөлшерде қамтамасыз ету құжатын ұсынуды талап етуге құқылы. Бұл қамтамасыз ету құжаты келесі нұсқалардың бірінде ұсынылады:

Қазақстан Республикасының аумагында тіркелген және банк қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар екінші денгейдегі банк берген қайтарып алынбайтын банктік кепілдік;

Қазақстан Республикасының аумагында тіркелген және сактандыру қызметін жүзеге асыруға жарамды лицензиясы бар сактандыру ұйымымен жасалған Жеткізушінің азаматтық-құқықтық жауапкершілігін сактандыру шарты.

Жеткізу уақыты: тауарды жеткізу шартқа қол қойылған күннен бастап 60 күнтізбелік күн ішінде жүзеге асырылуға тиіс.